



ҚЫЗҒАЛДАҚҚА БАРДЫҢ БА,
ФОТОҒА ТҮСІРІП АЛДЫҢ БА?

3



ҚАЙСАРЛЫҚ ПЕН ҚОЛӨНЕРДІ
ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫР

4

№14-15 (755). 17 сәуір, 2026 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



ҚАЗАҚҚА ОРЫНСЫЗ ТАҒЫЛҒАН ЕКІ КІНӘ

(Бауыржан Момышұлының бір әңгімесі)

– Кейбіреулер қазақ жалқау дейді. Бұған сіз қандай көзқарастасыз?

– Бұл – түбірімен қате пікір. Қазақ ешуақытта жалқау болып көрген емес. Оны жалқау дейтіндер ақылды надандар емес, ақылсыз надандар! Қазаққа көшпенді, жалқау деп орынсыз тағылған екі кінә бар. Екеуі де – оттауизм. Қазақ ешуақытта көшпенді болған емес, қазақ отырықшы. Ол сығандар секілді бір елден екінші елге көшіп жүрген жоқ қой. Өз жерінде малдың ыңғайына қарай жаз жайлауына, қыс қыстауына қоныс аударғанды сендер көшпенді деп оттап жүрсіндер. Бұл – тарих кешірмейтін қателік.

Екінші, қазақ жалқау болса, мал баға ма? Мал – оның өмір сүрудегі ең негізгі көзі. Ол ғасырлар бойы өзін ғана емес, көрші елдердің халқын да етпен қамтамасыз етіп келді. Малды өсіру, егін салу, балықты аулау жалқаудың қолынан келе ме? Оны оңай деп кім айта алады? Малдың бабын табу, жаздық, күздік жайлауын, қыстауын таңдау, қай жерге қалай жаю, жейтін шөбін анықтау, ауырған малды емдеп жазу, айсыз, қараңғы түнде жұлдыздарға қарап сапар шегу, қыран құс, тұлпар баптау, ауа райын болжау, сырқатты емдеу, көкпар тарту, бөйге, күрес, асық, ақсүйек тағы басқа ойындарды ойлап табу дегенің – білген адамға

жатқан ғылым. Оны игеру үшін ақыл, тәжірибе, өте еңбекқор жандардың толассыз ізденісі керек.

Қазақ көшпенді, жалқау деп халқымыздың өмір сүру кәсібінен хабары жоқ, жеңіл ойлы ақымақ, немесе ұрпағымыздың жігерін жасыту үшін қаскөй арамзаның айта салған сандырағы. Соны желөкпе, тайыз немелер іліп әкетіп, әлі күнге жалаулатып жүр. Әділетін айтшы, ғасырлар бойы қазақты кім асырады, жаудан, даудан кім қорғады? Білмесен біліп қой, ол өзін өзі асырады, өзін өзі қорғады. Бұл жалқаудың қолынан келе ме? Ең құрығанда бір сәт байсалдылық танытып, ойлансаңдар қайтеді?

Бұрын бүгінгідей газ, электр қуаты, мұнай, көмір болған емес. Алты ай қыстан қысылмай шығу үшін төрт түлік малға қора-жай, шөп, отбасына отын дайындаған, малдың қиыннан тезек жасауды ойлап тапқан, төрт түліктің сүтінен айран, шұбат, қымыз, қаймақ, сары май, құрт, ірімшік, жент әзірлеген. Мұның бәрі – асыл тағамдар. Біздің бабаларымыздың ірі, ақылды, алғыр, тапқыр, табанды, батыл, денсаулықтарының мықты болуының бір себебі осы ішіп-жеген тағамына да байланысты.

(Жалғасы 3-бетте).

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ҚОЛҒА СУ ҚҰЮ ДӘСТҮРІ
ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛҒАН?

6



МЕКТЕП БІТІРУ КЕШТЕРІ: МИНИСТРЛІК АТА-АНАЛАР МЕН ДИРЕКТОРЛАРҒА ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

Қазақстанда орта білім беру ұйымдарында мектеп бітіру кештерін өткізуге қойылатын талаптар нақтыланды. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Ведомство мәліметінше, қабылданған шаралар оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың құқықтарын қорғауға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

Мектеп бітіру кештерін мектептен тыс жерде өткізуге жол берілмейді.

"Аттестат тапсыру рәсімі тек білім беру ұйымдарының ғимараттарында ғана өткізіледі", - деп хабарлады министрлік өкілдері.

Сондай-ақ білім алушылардан, олардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен ақша және өзге де материалдық құндылықтар жинауға қатаң тыйым салынады.

Бұдан бөлек әкімдіктерге қаржылық шығындарсыз тәрбиелік және мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

Ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіп пен оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша шаралар қабылдау жүктелді.

Еске сала кетейік, бұған дейін Алматыдағы мемлекеттік мектептердің бірінде 11-сынып оқушыларының ата-аналары мектеп бітіру кешіне ірі көлемде ақша жиналатынына шағымданып, дау туындаған болатын. Аналардың бірінің айтуынша, түлектердің отбасыларынан ондаған миллион теңге жинау жоспарланған. Тексеруден кейін мектеп басшылығы мен аудандық білім бөлімі жауапкершілікке тартылды.

Оқу-ағарту министрлігі педагогтерді аттестаттау жүйесіне байланысты өзгерістер 2027 жылдан бастап енгізілетінін мәлімдеді. Енді бағалауда мұғалімдердің нақты жұмыс нәтижелері басты орын алады. Ал білімін тексеретін тестілеу тек кейбір санаттар үшін сақталады.



ТЕСТІЛЕУДЕН ТЕК ЖАС МАМАНДАР МЕН БАСШЫЛАР ӨТЕДІ

Министрліктің мәліметінше, педагогтерді аттестаттау жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізуде. Бұл мұғалімдердің еңбегін әділ бағалап, қажетсіз талаптар мен артық шығындарды азайтуға көмектеседі.

“Жаңа аттестация педагогтердің жұмыс нәтижелеріне негізделеді әрі барынша түсінікті, объективті форматқа көшіріледі. Ал негізгі өзгеріс – педагогтердің білімін бағалау тесті толығымен тоқтатылады. Педагогикалық білімді жаңа бітірген жас мамандар мен біраз уақыт жұмыс істемей, қайтадан мектепке оралғысы келетін мұғалімдер тест тапсырады. Ал білім беру ұйымдарының басшылары, олардың орынбасарлары және

әдістемелік орталық қызметкерлері үшін бұл тестілеу сақталады”, – делінген хабарламада.

Министрлік барлық деңгейлер үшін авторлық бағдарламалар мен оқу-әдістемеліктерін ұсыну талабы алып тасталатынын алға тартты.

“Мектепте кемінде 2 жыл үздіксіз еңбек өтілі бар педагогтер біліктілік санатын алуға өтінім бере алады. Олардың біліктілігі жаңа ережеге сай тек нақты жұмыс нәтижесіне қарап бағаланады. Яғни мұғалімнің портфолиосындағы жетістіктері, оқушыларының көрсеткіштері және оқу-тәрбие жұмысын қалай жүргізетіні ескеріледі”, – делінген ведомство хабарламасында.

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ПРОЦЕСІ ӨЗГЕРЕДІ

Қазақстанда жүргізуші куәлігін алуға емтихан тапсыру процесі жетілдіріледі. Азаматтар оны ақылы негізде шектеусіз тапсыра алады, деп хабарлайды үкіметтің баспасөз қызметі.



Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің төрағалығымен өткен жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсыру рәсімін жетілдіру мәселелері бойынша кенесте азаматтар үшін қолайлылықты арттыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және жүргізушілерді даярлау сапасын күшейтуге бағытталған нақты шаралар қаралып, бекітілді.

Енгізілетін жаңашылдықтарға сәйкес азаматтар жүргізуші куәлігін алу үшін емтиханды ақылы негізде, кемінде 10 күнтізбелік күн аралығында, шектеусіз

тапсыра алады.

Емтихан өткізу процесіне жасанды интеллект технологиялары енгізіледі. Жүргізуші куәлігін алуға қатысты цифрлық шешімдердің ақпараттық қауіпсіздігін барынша күшейту көзделеді.

Сондай-ақ, автомектептердің қызметіне қойылатын талаптарды күшейту көзделіп отыр.

Аталған шараларды жүзеге асыру жүргізуші куәлігін алу рәсіміндегі артық шектеулерді жоюға, оның ашықтығы мен азаматтар үшін қолайлылығын арттыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛМАҚ

Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі тіркеу жазбаларын қолдан жасау мен қаржының жұмсалыуына қатысты сын көбейді. Осыдан кейін МӘМС 2.0 жаңа моделінің бір бөлігі ретінде Qalqan атты жаңа цифрлық бақылау жүйесі іске қосылды.



Платформаның іске қосылғанын Үкімет отырысында Қаржы министрі Мәди Такиев мәлімдеді.

“Бүгінде жүйеге 1,6 мыңнан астам медициналық ұйым қосылды. Төлем жасалғанға дейін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорындағы негізсіз есептеулердің алдын алуға мүмкіндік беретін антифрод-бақылау тетігі құрылды”, – деді министр.

Министрдің сөзінше, осы жүйенің көмегімен негізсіз төлемдер азайып, 255,2 миллиард теңге қаржы үнемделеді. Сонымен қатар цифрландыру білім беру саласында да

жүріп жатыр.

Қаржы министрлігінің мәліметінше, қазір 3 895 мектеп цифрландырылған. Одан бөлек, 4 400 балабақша, 1 337 қосымша білім беру ұйымы, 96 жоғары оқу орны және 230 мыңнан астам студенттің шәкіртақысы қаржыландырылған.

“Білім беру саласының бірыңғай Data Hub платформасы құрылып жатыр. Бұл жүйе қаржыландыру мен шешім қабылдауды нақты деректер негізінде жүргізуге, бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуын бағалауға мүмкіндік береді”, – деді Мәди Такиев.

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ЖАҢА СХЕМАЛАРЫ ПАЙДА БОЛДЫ

Ішкі істер министрлігі жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы жасалатын интернет алаяқтықтың жаңа түрлері тарап жатқанын ескертті, – деп хабарлайды Massaget.kz тілшісі.



Қаскөйлер өздерін құқық қорғау органдарының қызметкерлері, банк секторының өкілдері және басқа ұйымдардың мамандары ретінде көрсету үшін ұқсас суреттерді, аудио және видеоларды жасауы мүмкін. Белгісіз біреулер жалған видео мен дауысты пайдаланып, өздерін полиция қызметкерлері, ұлттық қауіпсіздік органдары немесе банктердің қауіпсіздік қызметінің өкілдері ретінде таныстыратын жағдайлар тіркелген. Олар азаматтарды ақшаны шұғыл түрде “қауіпсіз шоттарға” аударуға көндіреді. Сонымен қатар, ресми хабарламаларға ұқсас етіп жалған хабарламалар мен құжаттар жіберу, мемлекеттік органдар немесе қаржы ұйымдары өкілдерімен байланыс орнатқандай әсер қалдыратын автоматтан-

дырылған сервистер мен чат боттарды пайдалану деректері де кездескен.

Ішкі істер министрлігі құқық қорғау органдары мен банк қызметкерлері ешқашан бейнеқоңырау арқылы ақша аударуды талап етпейтінін, құпия мәліметті сұрамайтынын және телефон арқылы қаржы операцияларын жүргізуді ұсынбайтынын ескертті.

“Алаяқтықтың алдын алу үшін бейтаныс адамдардың ақша аударуға қатысты нұсқауын орындамаңыздар, жеке және банк дерегін берменіздер, сондай-ақ, ақпаратты ресми дереккөздер арқылы тексеріңіздер”, – деді ІІМ киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің басқарма бастығы Бейбіт Біржанов.

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫ

Шымкент қаласының Тұран ауданы тұрғындары мен қонақтарының назарына!

Электр желілері – елдің энергетикалық инфрақұрылымының маңызды бөлігі. Олар арқылы электр энергиясы тұтынушыларға жеткізіледі. Осы желілердің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында арнайы қорғау аймақтары белгіленеді.

ҚОРҒАУ АЙМАҒЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Электр желілерінің қорғау аймағы бұл электр беру желілерінің (әуе немесе жер асты) бойымен белгіленетін арнайы аумақ. Бұл аймақта белгілі бір қызмет түрлеріне шектеу қойылады.

Қорғау аймағының негізгі мақсаты:

- адамдарды электр тогының әсерінен қорғау;
- желілердің зақымдануын болдырмау;
- апаттардың алдын алу;
- үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету;
- электр желілерінің сенімді және ұзақ

мерзімді жұмысын сақтау;

- төтенше жағдайлардың алдын алу.

ҚОРҒАУ АЙМАҒЫНЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ

Қорғау аймағы электр желісінің кернеуіне байланысты белгіленеді. Мысалы:

- 1 кВ дейін - 2 метр;

- 1-20 кВ - 10 метр;

- 35 кВ - 15 метр;

- 110 кВ - 20 метр;

- 220 кВ - 25 метр;

- 500 кВ - 30 метр.

Бұл қашықтықтар электр желісінің екі жағынан да есептеледі.

ҚОРҒАУ АЙМАҒЫНДА ТЫЙЫМ САЛЫНАТЫН ӘРЕКЕТТЕР

Қорғау аймағында келесі жұмыстарды жүргізуге болмайды:

- ғимараттар мен құрылыстар салу;
- ағаш отырғызу немесе кесу (рұқсатсыз);
- жер қазу жұмыстары;
- жанғыш материалдарды сақтау;
- ауыр техниканы рұқсатсыз пайдалану;

- электр желілеріне жақын қауіпті жұмыстар жүргізу;
- сымдарға жақын биік техникамен (кран, трактор) жұмыс істеу;
- электр бағаналарына шығу немесе зақым келтіру;
- заңсыз қосылу әрекеттерін жасау.

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Электр желілеріне жақын жерде жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтау қажет:

- рұқсатсыз жұмыстар жүргізбеу;
- қауіпсіз қашықтықты сақтау;
- арнайы белгілер мен ескертулерге назар аудару;

- электр желісіне тиіп кететін құралдарды қолданбау;
- балаларды электр нысанынан алыс ұстау;
- зақымданған сымдарды көрген жағдайда жақындамау.

АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

- үзілген немесе жерге түскен электр

сымына жақындамау;

- қауіпті аймақтан кемінде 8-10 метр қашықтыққа алыстау;
- дереу тиісті қызметтерге хабарлау;
- басқа адамдарды қауіп туралы ескерту.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ

Электр желілерінің қорғау аймағы талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеледі. Сонымен қатар, мұндай әрекеттер адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Электр желілерінің қорғау аймағын сақтау – бұл тек заң талабы ғана емес, сонымен қатар әр адамның қауіпсіздігі үшін маңызды. Ережелерді сақтау арқылы біз апаттардың алдын алып, тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ете аламыз.

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нің Абай ауданы электр желілері мекемесі



ҚАЗАҚҚА ОРЫНСЫЗ ТАҒЫЛҒАН ЕКІ КІНӘ

(Бауыржан Момышұлының бір әңгімесі)

қызына үйлене береді. Қазақ екі жастың жеті атаға жетпей тұрмыс құруына қатаң тиым салған. Тиым салуға ақыл-парасат, еңбек керек пе?

– Керек.

– Ақыл-парасат еңбек еткен адамда ғана болады, жалқауда ақыл-парасат болмайды. Түсіндің бе?

– Түсіндім.

– Сендер сегіз сағат жұмыс істейсіңдер. Айлықтарың ішетін тамағыңа, киетін киіміңе, қыдырғандарыңа жетеді. Сендерге мал бағудың да, егін егудің де қерегі жоқ. Сүтті де, етті де, майды да, бәрін магазиннен сатып аласыңдар. Газет-журнал, кітап оқып, рухани баисыңдар. Бәлкім жалқау деп сен сияқты сегіз сағат жұмыс істеп, шөп басын сындырмайтындарды айтатын шығар?

Рас, ауылдағы қайсыбір қазақ мал бағып, егін екпейді, шөп шаппайды. Ол әкесіне, ағасына, не туыскандарына сеніп, солардың көмегіне сүйеніп күн өткізгеніне мээ. Ондай бірен-саран факті арқылы бүкіл қазақты жалқау деуге бола ма? Кез келген адамды ақылды да, ақымақ та ететін – жағдай. Тағы сұрағың бар ма?

– Бар. Бұрынғы қазақ неге адал, әділ болған?

– Сен бала-шағанды қалай тәрбиелейсің? Оларға не көргенділік көрсетесің? «Қарақтарым, ұрлық жасама, кісі ақысын жеме, орынсыз біреудің көңіліне тиме, жамандық-

қа барма, тұла бойыңа ластықты дарытпа, біреудің бір нәрссесін тартып алма, абыройыңды сақта, ұрлап бай болғаннан ақ, адал еңбегіңмен кедей болғаның артық» деп тәрбиелейсің бе?

– Иә, солай тәрбиелеймін.

– Ол үшін кез келген ата-ана адал болу керек. Онсыз күткен нәтижеге жету қиын. Туыс халықтардың әдет-ғұрпы біздің әдет-ғұрпымыздан айнымайтынына қарағанда қазақ жақсы тәрбиеші болған тәрізді. Кез келген халық жақсылыққа құштар, бірақ біздің халық жақсылыққа ерекше құштар. Оның бір дәлелі – қулыққа, сұмдыққа бармаған. Қазақтың өмірінде ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу ісі басты мақсат саналған. Тіпті XIX ғасырдағы қазақ халқының адал қасиеті қазіргі сіз бен бізде жоқтың қасы дерліктей. Қайсыбіріміз, жасыратыны жоқ, адал жанды «Өй, мынау өмірге түсінбейтін ақымақ қой», – деп құстаналайды. Халқымыз қасиеті ыдырай бастаған кезде «Заманына қарай амалы, тауына қарай түлкісі» деген мақал ойлап тапты. Мен бұл мақалды көп зерттедім. Қулық-сұмдықты заманыңа қарай қолдан дегені дұрыс па, бұрыс па деп таразыладым. Бүгінгі таңда сен айтып отырған аңғал, адал, ақкөңіл, жамандықтан аулақ адамның жолы бола ма?

– Болмайды.

Өзің таразылашы, қазақ жалқау болса, осыншама жердің иесі атанар ма еді, осыншама данышпандарды тәрбиелеп, өсірер ме еді? Бүкіл түркі елінің кара шаңырағы бола алар ма еді? Мұны айтқанда басқаларға мақтанғандай көрінуім мүмкін. Сен, қарағым, дұрыс түсін, мұны мен мақтану үшін емес, қазақтың сан алуан қасиетіне көзім жеткеннен кейін айтып отырмын. Бір ғана мысал, Мұхаммед пайғамбарымыздың елінде жоқ қасиет қазаққа бар. Ол жақта емшек ембеді деп ағасының ұлы інісінің

ҚЫЗҒАЛДАҚҚА БАРДЫҢ БА, ФОТОҒА ТҮСІРІП АЛДЫҢ БА?

Көктемнің көркін келтіретін Грейг қызғалдағы биыл тағы да гүлдеді. Қызыл түске боялған алқаптар биыл да көпшіліктің назарын аударып, табиғат сүйер қауымды тағы да өз сұлулығымен баурап алады. Жыл сайын қызғалдақ алаңына адамдар жер-жерден суретке түсуге келеді. Ондағы мақсат – көктемнің жылы лебімен рухани сергіп, табиғаттан ләззат алу, бір сәтке болса да жан тыныштығын табу. Қарап тұрсаңыз, мұның өзі – табиғат терапиясының бір түрі.

Иә, биіктігі небәрі 10-15 сантиметр болатын бұл нәзік гүлдер сәуірдің басында қаулап шығып, бар болғаны 20 күндей ғана көздің жауын алады. Одан кейін гүл күлтелері солып, келесі көктемге дейін тыныштық кезеңіне өтеді. Бір пиязшық он жылдан астам өмір сүре алады және әр жыл сайын жаңа гүл береді. Егер оны жұлатын болса қайта гүлдемейді. Мұның соңы қызғалдақтың түбегейлі жойылуына әкеп соғады. Сондықтан да қызғалдақты Қызыл кітапқа енгізіп, жұлған адамға елімізде 13 миллионға дейін айыппұл қарастырылған. Бұл қызғалдақтар тек әсемдік үшін ғана емес, табиғи экожүйенің құрамдас бөлігі ретінде де маңызды, сондықтан оларды жұлуға қатаң тыйым салынады.



Қызғалдақ гүлінің мынадай қызық тарихы бар. 1637-1637 жылдары Голландияда қызғалдаққа деген ессіз құмарлық жүрді. Былайша айтқанда, елде «қызғалдақ дерті» жүрді. Қызғалдаққа не болу әп-сәтте байлық пен мәртебенің белгісіне айналып шыға келді. Кейбір адамдар сирек қызғалдақ пиязшықтарын сатып алу үшін қолындағы бар мүлкін жұмсауға дейін барды. Осылайша бірден шарықтай жөнелген бұл үрдістің басылуы да тез болды. Кейін бұл «тюльпаномания» деген атаумен тарихта қалды.

Бұл қалай басталды? 1600 жылдардың ортасында Голландияда өмір қалыпты еді: ел дамып, халықтың тұрмысы жақсарып келе жатты. Ол кезде сирек сортты қызғалдақтар тек гүл өсірушілер арасында ғана бағаланатын. Алайда 1636 жылдың жазында нарықта «жарылыс» болды. Қызғалдақ саудасына алыпсатарлар араласып, жарты жылдың ішінде бағалар бірнеше есеге шарықтап кетті. Әсіресе, сирек түрлері қатты қымбаттады. Мысалы, Switzer деп аталатын элиталық сорттың бағасы 12 есеге дейін өскен. Көп ұзамай қарапайым қызғалдақтардың да бағасының өскені соншалық, ол қатардағы халық үшін де қолжетімсіз бола түсті.

Сол кезде кейбір пиязшықтардың баға-

сы 5000 гульденге дейін жеткен. Салыстырмалы түрде айтсақ, бұл ақшаға сол заманда жақсы бір үй сатып алуға болатын. Қызғалдаққа деген сұраныс шарықтау шегіне жеткені соншалықты, адамдар гүлдің бір түйнегіне үй немесе жер телімін айырбастайтын жағдайға жетті. Бұл ессіз құмарлықтың ар жағында гүлге деген қызығушылық емес, адамдардың қаржылық мақсаты жатты. Себебі қызғалдақ биржадағы басты сауда тауарына айналған еді. Әрбір сәтті жасалған сауда міндетті түрде аталып өтілетін. Бірақ бұл жағдай ұзаққа созылмады. Баға шектен тыс өсіп кеткен соң, нарықта күрт құлдырау пайда болды. Пиязшықтар бағасы кенеттен және тез құнсызданды. Салдарынан көптеген адамдар шығынға батып, сатушылар мен сатып алушылар арасында дау көбейді. Бұл жағдай ел экономикасын толық күйретпесе де, қоғамға кәдімгідей әсерін берді. Бағаның құлдырауы жылдам болғаны соншалықты, бұл іске үкімет араласуға мәжбүр болды. Ақырында 1638 жылдан бастап мемлекет пен жергілікті билік бірлесе отырып, нарықтағы хаосты біртіндеп тоқтатты.

Міне, осылайша қызғалдақ бір кезеңде байлық пен мәртебенің символына айналды. Адамдарды өзіне тартып, еліктірмей қоймайтын бұл гүлдің сыры неде екені

шынымен қызықты...

Қызғалдақ туралы тағы бір қызықты дерек бар. 1944-1945 жылдардағы Нидерландтағы ашаршылық кезінде халық қатты азық-түлік тапшылығына ұшырады. Осы қиын кезеңде адамдар тірі қалу үшін әдеттен тыс тағам көздерін пайдалануға мәжбүр болды. Солардың бірі – қызғалдақ түйнектері.

Негізі қызғалдақ түйнектері қалыпты жағдайда тағам ретінде қолданылмайды, өйткені олардың құрамында улы немесе асқазанға зиянды заттар болуы мүмкін. Дегенмен, ашаршылық кезінде адамдар оларды өздерінше өңдеуден өткізген: қабығын аршып, бірнеше рет жуып, ұзақ уақыт қайнатып, кейде ұн ретінде пайдалану үшін кептіріп, ұнтақтаған. Осылайша оларды жеуге жарамды еткен. Кей естеліктерде қызғалдақ түйнектерінің дәмі картопқа сәл ұқсас болғаны айтылады, бірақ толыққанды картоптың орнын баса алмаған. Кейбір адамдар олардан сорпа немесе ботқа тәрізді тағамдар жасаған. Алайда бұл тағам толық қауіпсіз болды деуге келмейді. Қате дайындалған немесе шамадан тыс тұтынылған жағдайда, ол асқазанның бұзылуына, улануға әкелуі мүмкін еді. Сондықтан бұл мәжбүрліктен туған амал ғана болды.

Айтары бар ақпарат

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ 150 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН КӨТЕРІЛУІ МҮМКІН

Қазақстанда ең төменгі жалақыны 150 мың теңгеге дейін көтеру жоспарланып отыр. Бұл туралы үкімет кулуарында ұлттық экономика бірінші вице-министрі Азамат Әмрин айтты, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ.

"Қазіргі уақытта ең төменгі жалақы – 85 мың теңге, біз оны арттырамыз. Бүкіл әлемде ең төменгі жалақы медианалық жалақының 50 пайызы саналады, бұл – шамамен 300 мың теңге. Сондықтан біздің мақсатымыз жақын арада ең төменгі жалақыны 150 мың теңгеге дейін көтеру", – деді Азамат Әмрин.

Ол ең төменгі жалақыны көтеру уақытын нақты айта алмайтынын, бәрі бюджеттің мүмкіндіктеріне байланысты екенін атап өтті.

"Биыл түсімдеріміздің қалай болатынын көреміз. Егер бұл динамика сақталса, онда мұны жасауға қаржылық мүмкіндік болады", – деп қосты Әмрин.

Қазіргі уақытта селекционерлер қызғалдақтың 3000-нан астам әртүрлі сортын өсіріп шығарған. Бұл гүлдер тек әсемдігімен ғана емес, түстерінің алуан түрлілігімен және ерекше пішіндерімен де көз тартады. Сонымен қатар, ол әлемдегі ең танымал сәндік гүлдердің қатарына жатады, өйткені көптеген елдерде көктемнің символы ретінде кеңінен таралған әрі ландшафттық дизайн мен гүл өсіру мәдениетінде ерекше орын алады. Әсіресе Нидерланд елінде кеңінен өсіріліп, әлемдік гүл нарығында үлкен сұранысқа ие.

Қысқа ғана ғұмырында айналып құлпыртып, адамдарға қуаныш сыйлайтын бұл гүл бүгінде бізге табиғатты аялау, қорғау қажеттігін ұғындыратындай. Әсіресе, сирек кездесетін түрлерін сақтап қалу – келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Сондықтан қызғалдақты тамашалау – тек эстетикалық ләззат емес, ол табиғатпен үндесу, оның қадірін түсіну. Бір қарағанда қарапайым болып көрінетін осы гүлдің бойында тарих, мәдениет және өмір үшін күрестің ізі жатыр. Ал оны қорғау – табиғатқа деген құрметтің айқын көрінісі.

М.ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Адам өміріндегі қиындықтар кейбір жандарды қажытса, енді біреулерді шыңдап, жаңа белестерге жетелейді. Осындай қайсар рух пен табандылықтың үлгісін көрсетіп жүрген жандардың бірі – Сарыағаш қаласының тұрғыны Надр Ярмагамбетов. Оның өмір жолы – төзім мен еңбектің, жігер мен сенімнің айқын дәлелі. Тағдырдың сынағына қарамастан, ол өз жолынан таймай, сүйікті ісін таба білді. Бастапқыда жай ғана әуестік ретінде қолға алынған бұл ісі уақыт өте келе тұрақты табыс көзіне айналып, бүгінгі күні қоғамға пайдасын тигізіп отырған берекелі кәсіпке ұласты.

Бүгінде Надр Фархатұлы – ағаштан түрлі қолөнер бұйымдарын жасап, кәсібін нәсібіне айналдырған шебер. Оның әрбір туындысынан еңбекқорлық пен шынайы ықылас, ұлттық нақыш пен шығармашылық ізденіс анық байқалады. Шебердің қолынан шыққан туындылардың қатарында ерекше нақыштағы күнтізбелер, сәнді безендірілген тойбастарлар, балаларға арналған дамытушы ойыншықтар, сондай-ақ түрлі көркемдік мәні бар сәндік бұйымдар бар. Бұл дүниелер тек сыртқы әдемілігімен ғана емес, сапасы мен мазмұны жағынан да ерекшеленеді. Алдағы кезеңде ол өз жұмыстарын ұлттық сипатта одан әрі байыта түсуге ниетті. Атап айтқанда, қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерін кеңінен қолданып, олардың атауы мен мағыналық ерекшелігін қатар енгізу арқылы әр бұйымға терең мазмұн беруді жоспарлап отыр. Әсіресе, тойбастарларды тек сыйлық емес, ұлттық мәдениетті танытатын ерекше дүниеге айналдыруды мақсат етеді. Осы арқылы ол тек қолөнер бұйымдарын жасап қана қоймай, халқымыздың мәдени мұрасын дәріптеп, кейінгі ұрпаққа жеткізуді көздейді.

Надр Фархатұлының қандай жағдай болмасын, үнемі алға ұмтылып, ешқашан мойымайтын қайсарлығы мен қолөнер бұйымдарын жасаудағы ешкімге ұқсамайтын ерекше тың идеялары көпшілікке үлгі болары сөзсіз. Біз кейіпкерімізбен арнайы сұхбаттасып, оның өмір жолы, қолөнерге келу тарихы, кәсібін дамытудағы тәжірибесі мен алдағы жоспарлары жайында кеңінен әңгімелескен едік.

«ҚИЫНДЫҚТАР МАҒАН КЕДЕРГІ БОЛМАДЫ...»

– Надр Фархатұлы, ең алдымен, өзіңіз туралы айтып өтсеңіз. Қолөнерге қалай келдіңіз?



– Мен өзімді әрдайым ізденісте жүретін, бос уақытым пайдалы іске бағыттауға тырысатын адаммын деп айта аламын. Кішкентай кезімде қарындасым Камила мен ағамның балаларының, яғни жиендерімнің түрлі ағаш ойыншықтармен ойнап жүргенін көретінмін. Ойыншықтардың табиғи материалдан дайындалуы мені қатты қызықтыратын. Сол сәттерде менде «Осындай дүниелерді өз қолыммен жасауға бола ма екен?» деген ой пайда болды. Осылайша, қолөнерге деген алғашқы қызығушылығым дәл сол бала-

лық шақтағы әсерлерден бастау алды.

Уақыт толқынымен тербеле жүріп, өмірдің сан қилы кезеңдерінен өттім. 2003 жылдан бастап денсаулығымға қатысты ауыр сынақтар біртіндеп бой көрсете бастады. Бұған дейін мен де қатарымнан қалмай, өзге балалар секілді алаңсыз өсіп, мектеп қабырғасында білім

нәрімен сусындап жүрген едім. Алайда басыныпқа қадам басар тұста, тамыз айының бір алапат күндерінде, небәрі үш күннің ішінде тағдырым күрт өзгерді. Алғашында таңертең сол аяғымның бас бармағы ғана аздап ұйығанын аңғарсам, кеш бата оң аяғым, артынша сол аяғым да жансызданып қалды. Келесі күні дерт денемді дендеп, беліме дейін жетіп, мені мүлде орнымнан тұрғызбай тастады.

Осыған дейін ешқандай екпе қабылдамаған, ешбір сырқатқа шалдықпаған мен осылайша күтпеген, жұмбағы мол жағдайға тап болдым. Дегенмен үмітімді үзбей, Астана, Алматы, Шымкент, Ташкент, Новосибирск қалаларындағы білікті дәрігерлерге жүгіндім. Ақ халатты абзал жандар барын салып көмектесуге тырысқанымен, тылсым дертімнің нақты себебі де, шипасы да табылмады. Сөйтіп, тағдырдың жазуымен мен І топтағы мүмкіндігі шектеулі жан ретінде тіркелуге мәжбүр болдым. Осы оқиға мені өмірге басқа қырынан қарауға үйретті. Өйткені, өзіме ыңғайлы, отырып істеуге болатын, әрі жан дүниеме жақын істі табудың маңызды екенін түсіндірді.

Осылайша, қолөнерге деген бала кезден бастау алған қызығушылығым қайта оянып, 2017 жылдан бері тұрақты түрде айналысып келемін. Алғашында бұл жай

ғана уақытты тиімді өткізу мен өзімді дамытуға бағытталған қадам еді. Бірақ біртіндеп жасаған бұйымдарымды жақындарыма көрсетіп, олардың қолдауын сезіне бастадым. Олар тек жылы пікір білдіріп қана қоймай, дайын өнімдерімді сатып алып, өзгелерге де ұсынды. Сөйтіп, бастапқыда жай әуестік болған іс біртіндеп сүйікті кәсібіме, өмірімнің ажырамас бөлігіне айналды.

– Алғашқы кезде қандай қиындықтар кездесті? Қалай енсердіңіз?

– Әрине, кез келген істің басында қиын-



Қазіргі уақытта жұмыс барысында заманауи технологияларды да қолданамын. Соның ішінде ағашты лазер арқылы өңдеу тәсілі менің қолөнерімді біршама жеңілдетіп қана қоймай, бұйымдардың нақтылығы мен сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік береді. Лазерлік кесудің көмегімен күрделі ою-өрнектерді, ұсақ детальдарды дәл әрі әсем етіп орындауға болады.

Тапсырыс берушілер көбіне өзгеше, қайталанбайтын, өзіндік мәні бар дүниелерді қалайды. Сол себепті мен әрбір тапсырысқа өзгеше талғаммен қарап, шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге тырысамын. Әр бұйымның өзіндік идеясы, мағынасы болғанын қалаймын. Мен үшін бұл тек өнім жасап шығару емес, әр затқа жан бітіріп, адамдарға қуаныш сыйлайтын ерекше дүние ұсыну маңызды.

ҚАЙСАРЛЫҚ ПЕН ҚОЛӨНЕРДІ ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫР

дықтар болады. Мен де бұл жолда түрлі кедергілерге тап болдым. Ең алдымен, тәжірибенің аздығы сезілді. Қолөнер – тек шабыт емес, үлкен шеберлікті, дәлдікті талап ететін сала. Ал мен бастапқыда көптеген нәрсені білмедім.

Құрал-жабдықтарым да жетіспеді. Алғашқы жұмыстарымды ең қарапайым құралдармен жасадым. Кейде көкейімдегі дүниені толық жүзеге асыра алмай, көңілім түсетін сәттер де кездесті. Соған қарамастан, мен алға ұмтылуды тоқтатпадым. Интернет желісінен түрлі оқыту сабақтарын іздеп, басқа шеберлердің жұмыстарын зерттедім. Әрбір қателікті сабақ ретінде қабылдап, өзімді жетілдіруге күш салдым.

Уақыт өте келе қолым жаттығып, жұмысым да жақсара бастады. Бұрын көп уақыт алатын нәрселер біртіндеп оңайлай түсті. Ең бастысы – шыдамды болып, табандылық таныту керек екенін түсіндім. Қиындықтар маған кедергі болмады, қайта мені шыңдап, алға жетеледі.

– Кәсібіңізді дамытуға қандай мүмкіндіктер әсер етті?

– Менің кәсібімнің дамуына бірнеше маңызды кезеңдер үлкен әсер етті. Соның бірі – 2018 жылы елордада өткен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған конференцияда «Жаншуақ» сыйлығының «Қолөнер» номинациясын жеңіп алуым. Бұл мен үшін тек марапат емес, үлкен сенім болды. Өз еңбегімнің бағаланғанын сезіну маған жаңа күш берді.

Сол жылы мен «Бастау Бизнес» бағдарламасына қатысып, кәсіпкерлік негіздерін үйрендім. Бұрын тек қолөнермен айналыссам, енді оны бизнес ретінде дамыту жолдарын меңгере бастадым. Кейін бизнес-жоспарымды қорғап, мемлекеттік грант ұтып алдым. Бұл қаражатқа лазерлік станок сатып алып, жұмысымды жаңа деңгейге көтердім.

Ал 2019 жылы түрлі көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысып, өз өнімімді көпшілікке таныстыруға мүмкіндік алдым. Соның нәтижесінде «Үздік өнім дизайны» номинациясын алу – мен үшін тағы бір үлкен жетістік болды. Осындай мүмкіндіктер мен қолдаулар кәсібімді кеңейтуге жол ашты.

– Қазіргі таңда қандай бұйымдар жасайсыз?

– Мен негізінен ағаштан әртүрлі қолөнер бұйымдарын жасаймын. Олардың ішінде күнделікті тұрмыста қолдануға да, сыйлық ретінде ұсынуға да болатын заттар бар. Мысалы, түрлі үлгідегі күнтізбелер, тойбастарға арналған ерекше безендірілген бұйымдар, естелік сувенирлер, үйді әсемдейтін сәндік заттар, сондай-ақ балаларға арналған ойыншықтар мен әлемі құрастырылған бұйымдар дайындаймын.

«ӘРБІР ЖАННЫҢ ТАҒДЫРЫНА БЕЙЖАЙ ҚАРАМАУ – БАСТЫ ҰСТАНЫМЫМ...»

– Балаларға арналған өнімдеріңіз туралы кеңірек айтып өтсеңіз.

– Соңғы уақытта балаларға арналған ағаш пазлдарға деген сұраныс айтарлықтай артып отыр. Себебі ата-аналар табиғи, қауіпсіз әрі баланың ойлау қабілетін дамытатын ойыншықтарға көбірек мән бере бастады. Сондықтан бұл бағыттағы дүниелер жасауды барынша дамытып, мазмұнын байытуға ерекше көңіл бөліп келемін. Атап айтқанда, кішкентай балаларға арнап мұхитта тіршілік ететін жәндіктер мен жануарларды қамтитын «Су асты әлемі», солтүстік мұзды мұхиттың ақ аюы мен басқа да мекендеушілерін бейнелейтін жинақтар, сондай-ақ «Африка жануарлары» мен «Қаздың отбасы» атты 2–3 қабатты пазлдар дайындадым. Бұл бұйымдардың барлығын балдырғандардың табиғатына сай, нәзік талғаммен жасап, оңайлықпен сынбайтындай, олар ойнағанда немесе аузына салғанда зиян келтірмейтіндей етіп әзірледім. Сонымен қатар, ойыншықтарды бояуға арналған арнайы сырларды Ресейден алдырып, олардың сапасы мен қауіпсіздігіне ерекше мән беремін.

Бұдан кейінгі жоспарым – пазлдарға Қазақстанның әр ауданы мен аймағындағы тарихи және мәдени маңызды орындардың бейнелерін қосуды қалаймын. Мысалы, белгілі архитектуралық нысандар, тарихи ескерткіштер, дәстүрлі ғимараттар арқылы балаларға өз елінің тарихын танытуға мүмкіндік жасасам деймін. Бұл арқылы олар ұлттық мәдениет пен тарихқа ерте жастан қызығушылық танытып, өз елін құрметтеуге үйренеді.

Сонымен қатар, пазлдарда қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін бейнелесем деген ойым бар. Мысалы, түлкінің айлакерлігін, арыстанның айбарлығын, қоянның тапқырлығын және қасқырдың мықтылығын көрсету арқылы балалар әртүрлі мінез-құлықтарды бойына қалыптастыра алады. Мұндай бейнелер балаларға достықты, әділдікті түсінуге және шығармашылық ой-өрісін дамытуға көмектеседі. Нәтижесінде, менің құрастырған пазлдарым тек көңілді ойыншық қана емес, сонымен қатар балаларға ұлттық құндылықты сана-сезіміне сіңіретін, шығармашылығын арттыратын құралға айналады. Бұл бағытта мен әр пазлды ерекше әрі тәрбиелік мәні бар етіп жасауға барынша басымдық беріп отырмын.

– Өміріңіздегі ең қиын кезеңдердің бірі денсаулық жағдайыңыз болды. Осы жағдай сіздің өміріңізге және қол-

өнермен айналысуыңызға қалай әсер етті?

– Иә, расында да өмірімдегі ең ауыр кезеңдердің бірі 2020 жыл болды. Ол уақытқа дейін қоларбада отырсам да біраз еңбектеніп, өз кәсібімді бірізділікке келтірген едім. Тапқан табысымның арқасында шеберханамды толық жабдықтап, жұмысымды дамытып келе жаттым. Болашағыма деген жоспарларым да көп болатын. Алайда күтпеген жерден денсаулығым тағы да күрт нашарлап, ұзақ уақыт ауруханада ем алуыма тура келді.

Дәрігерлердің шешімімен бір аяғымды ампутиациялауға мәжбүр болдым. Бұл жағдай мен үшін өте ауыр соққы еді. Тек денсаулығым ғана емес, ішкі жан сарайым да қатты қиналды. Бір сәтте өмірім өзгеріп кеткендей әсерде болдым. Өзімді жоғалтып алғандай күй кешіп, болашаққа деген сенімім әлсіреп, түрлі ойлар мазалады.

Сол кезеңде біраз уақыт ештеңеге зауқым соқпады. Шамамен бір жарым жылдай қолөнерден де қол үзіп қалдым. Бұл мен үшін ең ауыр тоқырау кезеңдерінің бірі болды десем артық айтқаным емес. Дегенмен уақыт өте келе өзімді қайта қолға алуға тырыстым. Іштей күш жинап, өмірді қайта бастау керек екенін түсіндім. Маған ең үлкен демеу болған – өзімнің сүйікті ісім, яғни қолөнер болды. Қайтадан шеберханаға оралып, жұмысымды жалғастыру арқылы өзімді қайта тапқандай болдым.

Сол сәтте мен бір нәрсені анық түсіндім: адам қандай қиындыққа тап болса да, оны алға жетелейтін – оның сүйікті ісі мен өмірге деген құлшынысы. Сондықтан өткен жылдың соңында қайтадан кәсібіме кірісіп, жаңа леппен еңбектенуді бастадым. Бұл мен үшін тек жұмыс емес, өмірге қайта оралу, өзімді қайта табу жолы болды.

– Қоғамдық және қызметтік жолыңыз туралы да айтып өтсеңіз.

– Қоғамдық және қызметтік жолыма тоқталсам, мен үшін тек жеке кәсіппен айналысып, табыс табу ғана емес, қоғамға пайдалы болу әрқашан маңызды орын алады. Сол себепті әр жылдары түрлі әлеуметтік және қоғамдық бағыттағы жұмыстарға белсенді түрде араластым.

2021-2024 жылдары Сарыағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде қызмет атқардым. Бұл кезеңде халықпен тығыз байланыста болып, түрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалыстым. Әсіресе, жұмыссыз азаматтарға қолдау көрсету, әлеуметтік көмекке мұқтаж жандардың жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстарға қатысу мен үшін үлкен тәжірибе болды. Адамдардың өміріне оң өзгеріс енгізуге аз да болса үлес қосу – мен үшін үлкен жауапкершілік еді.

Сонымен қатар 2022-2025 жылдары аудандық Қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде қоғамдық мәселелерді талқылауға, өңірдің дамуына қатысты ұсыныстар айтуға мүмкіндік алдым. Бұл қызмет менің азаматтық ұстанымымды нығайтып, қоғам алдындағы жауапкершілігімді тереңірек сезінуге ықпал жасады.

2024-2025 жылдары аудандық Мансап орталығында жұмыс істедім. Мұнда да негізгі мақсатым – адамдарға қолдау көрсету, олардың өмір сапасын жақсартуға ықпал ету еді. Осы арқылы азаматтарға жұмыс табуға, кәсіби бағыт-бағдар беруге көмектестім. Бұл салада адамдардың жаңа мүмкіндіктерге жол ашуына себепкер болу – мен үшін үлкен қуаныш сыйлады.

Бүгінгі таңда аудандық «Аялы алақан» және «Қамқор» әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында әлеуметтік маман ретінде еңбек етемін. Бұл қызмет мен үшін тек жұмыс қана емес, жүрек қалауыммен атқаратын маңызды әрі жауапты міндеттердің бірі. Сол себепті күнделікті қызмет барысымда орталыққа жүгінген жандардың құжаттарын реттеймін. Оларды жүйелеумен, қажетті мәліметтерді жинақтап, рәсімдеумен айналысамын.

Сонымен қатар, қызмет алушыларға бағыт-бағдар беріп, олардың мәселелерін

түсініп, қолдан келгенше көмек көрсетуге тырысамын. Әрбір жанның тағдырына бейжай қарамай, мейірім мен жанашырлық таныту – менің басты ұстанымым. Осы салада еңбек ете отырып, адамдарға аз да болса пайда тигізу мен үшін үлкен мәртебе әрі рухани қанағат сыйлайды. Адамдарға көмектесу, олардың алғысын алу – кез келген марапаттан да артық. Сондықтан қай мекемеде қызмет атқарсам да, өз еңбегім арқылы елге пайдамды тигізуге тырысамын.

– Жетістіктеріңіз туралы да тоқталып өтсеңіз.



– Жетістіктерім жайлы айтатын болсам, бұл – ең алдымен ұзақ уақыттық еңбектің, табандылықтың және өз ісіме деген сүйіспеншіліктің нәтижесі деп білемін. Әрбір алынған марапат мен үшін тек атақ немесе құрмет емес, сонымен қатар алға қарай ұмтылуға берілген үлкен серпін. Мәселен, 2021 жылы «Үздік жас кәсіпкер» номинациясының жеңімпазы атануым – менің өмір жолымдағы ерекше мәні бар, жарқын белестердің бірі дер едім. Бұл жетістік менің кәсібімнің дұрыс бағытта дамып келе жатқанын айқындап қана қоймай, өз күшіме деген сенімді нығайтып, алға ұмтылуыма серпін берді. Сол бір қуанышты сәтте маңдай термен келген еңбегімнің еленіп, бағаланғанын терең сезініп, бойымда жаңа идеяларды жүзеге асыруға деген құлшыныс пен шабыт ояндy. Осы орайда, менің еңбегімді әрдайым бағалап, қолдау көрсетіп, жігерлендіріп жүрген Сарыағаш аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Нұрғали Отаровқа айтар алғысым шексіз. Оның сенімі мен қолдауы мені жаңа белестерге жетелеп, табандылықпен еңбек етуіме жол ашып келеді.

Ал 2024 жылы Түркістан облысы әкімінің грамотасымен марапатталу – мен үшін үлкен мәртебе. Бұл тек жеке жетістігім емес, сонымен бірге мен айналысып жүрген істің қоғам үшін маңыздылығын көрсететін баға деп қабылдаймын. Осындай марапаттар мені мақтануға емес, керісінше одан әрі дамуға, жаңа белестерді бағындыруға жетелейді.

Жалпы, мен жетістікті тек марапаттармен өлшемеймін. Күнделікті еңбегімнің нәтижесінде адамдардың ризашылығын көру, олардың алғысын есту – мен үшін ең үлкен жетістік. Себебі кез келген істің шынайы бағасы – оның адамдарға тигізген пайдасында деп ойлаймын.

«ПАТРИОТИЗМ ҚОҒАМҒА ПАЙДАЛЫ БОЛУДАН БАСТАЛАДЫ...»

– Сіздің өмірлік ұстанымыңыз қандай?

– Қандай жағдайда болмасын, еңбектен қашпауды және әрдайым алға ұмтылуды өмірлік ұстанымым санаймын. Мен үшін «жұмыстан емес, жұмыссыз жүруден ұялу керек» деген қағида әрдайым

маңызды. Өйткені адам қандай қиындыққа тап болса да, әрекет етуді тоқтатпауы тиіс. Тек тынымсыз кимылдап, талпынған жан ғана нәтижеге жете алады.

Жоғарыда айтқанымдай, өзім 11 жасымнан бастап мүмкіндігі шектеулі жанмын. Бұл, әрине, өмір жолымда көптеген кедергілер келтірді. Бірақ мен мұны ешқашан тағдырға мойығандықтың немесе сағым сынғандықтың себебі ретінде санаған жоқпын. Керісінше, осы жағдай мені шыңдап, өмірге деген көзқарасымды өзгертті. Қандай жағдай болса да, өз орнымды табуға, қоғамға пайдалы болуға

тырыстым.

Осы уақытқа дейін екі бірдей саланы қатар алып жүріп, әрі қоғамдық қызметте, әрі кәсіпте өзімді дамытуға күш салдым. Бұл оңай болған жоқ, бірақ табандылықтың арқасында белгілі бір нәтижелерге қол жеткіздім.

Әрине, мемлекет тарапынан да қолдау бар, түрлі бағдарламалар мен мүмкіндіктер ұсынылады. Бірақ сол мүмкіндікті пайдалану – әр адамның өз қолында. Ең бастысы – ниет пен әрекет. Егер адамда шынайы мақсат пен еңбекқорлық болса, кез келген қиындықты еңсеруге болады деп сенемін.

– Бос уақытыңызда қолөнерден бөлек тағы қандай істерге қызығасыз?

– Қолөнерден бөлек, бос уақытымда пианино тартқанды ұнатамын. Кейде көңілім құлазығанда немесе шабыт келген сәттерде түрлі әуендерді ойнаймын. Әсіресе Людовико Эйнаути мен Ли Рума шығармаларын орындау маған ерекше әсер береді. Олардың әуендері жанымды тыныштандырып, терең ойға жетелейді, кейде тіпті жаңа идеялар табуыма көмектеседі.

Музыка мен үшін жай ғана әуестік емес, ол – ішкі сезімді жеткізудің бір жолы. Әр шығарманы ойнағанда өз көңіл-күйімді жеткізіп, жан дүниемді жеңілдетемін. Сонымен қатар, пианинода ойнау маған шыдамдылық пен ұқыптылықты үйретіп, өзімді одан әрі дамытуға жігерлендіреді.

Кейде музыка мен қолөнер бір-бірімен байланысып кетеді: әуен тыңдай отырып жаңа бұйымдарға идея табамын, ал жасаған еңбегіме қарап отырып, шабыт аламын. Жалпы, қолөнер мен музыка – менің өмірімдегі маңызды екі бағыт. Екеуі де маған қуаныш сыйлап, өмірге деген құлшынысымды арттырып, алға ұмтылуыма күш береді.

– Сіз секілді өз бетінше еңбектеніп, өмірде өз жолын тапқысы келетін адамдарға не айтар едіңіз?

– Қазіргі заманда білім аламын, жаңа нәрсе үйренемін деген адамға мүмкіндік өте көп. Барлық жағдай жасалған. Интернет арқылы да, түрлі оқу бағдарламалары арқылы да өзінді дамытуға жол ашық. Сондықтан ең бастысы – ниет пен талпыныс қажет.

Көп жағдайда адамдарда мүмкіндік

жоқ емес, керісінше, сол мүмкіндікті пайдалануға деген ерік-жігер жетіспей жатады. Кейбір жастар жұмыс таңдайды, жеңіл жол іздейді. Бірақ өмірде жетістікке жету үшін кез келген адал еңбекті бағалай білу керек деп ойлаймын. Қолыңнан келген кез келген істі ары қарай дамытып, еңбек ету ешқашан ұят емес, керісінше бұл қадамдар адамды шыңдайды, тәрбиелейді.

Әр адам өзіне жақын істі тауып, соны терең меңгеруге тырысуы тиіс. Бір бағытта тұрақтап, үздіксіз ізденіп, еңбектенген адам міндетті түрде нәтижеге жетеді.

Басында қиын болуы мүмкін, бірақ табандылық танытқан адам уақыт өте келе өз жемісін көреді. Сондықтан ешқашан қорықпау керек, қателесуден де қашпау қажет. Әр қадам – тәжірибе. Ең бастысы – тоқтап қалмау, үнемі алға ұмтылу. Сонда ғана адам өз жолын тауып, өмірде өз орнын қалыптастыра алады.

– Патриотизм ұғымын қалай түсінесіз?

– Менің ойымша, патриотизм дегеніміз – тек мерекелерде айтылатын әдемі сөз емес. Бұл – күнделікті өмірімізде көрініс табатын, өзіміздің азамат ретіндегі жауапкершілігіміздің белгісі. Өзім ұйғыр ұлтының өкілі болсам да, Қазақстан деген ортақ үйде өмір сүріп жатқан соң, елдің дамуына өз үлесімді қосуды басты борышым санаймын. Туған елге деген сүйіспеншілік ең алдымен нақты істер мен адал еңбектен көрінеді.

Әркімнің өз қолынан келетін ісі әртүрлі. Біреу мектепте балаларға білім берсе, енді бірі дәрігер болып, адамдардың денсаулығын сақтайды. Бір қарапайым еңбек адамы болса да, өз жұмысы арқылы елге пайда әкеледі. Қай салада болсын, өз ісінді жауапкершілікпен және шын ықыласпен орындау – нағыз патриотизмнің белгісі деп білемін. Мысалы, мен қолөнерім арқылы еліміздің мәдени мұрасын сақтауға, оны дамытуға қал-қадірімше үлес қосып отырмын деп ойлаймын. Себебі әрбір бұйымымда тек эстетикалық әдемілікті емес, туған елге деген сүйіспеншілікті, мәдени дәстүрге деген құрметімді танытып жасауға тырысамын.

Патриотизм тек үлкен жобалармен емес, күнделікті өмірдегі қарапайым әрекеттермен де көрінеді. Өз қолыңмен жасайтын әрбір бұйым, айналаны қорғау немесе кәсіби еңбек арқылы қоғамға пайда келтіру – бәрі туған жерге деген сүйіспеншіліктің айқын дәлелі. Елдің болашағы – бүгінгі әр азаматтың еңбегі мен жауапкершілігінде, ал патриотизм өз ісінді адал атқарып, қоғамға пайдалы болудан басталады.

– Надр Фархатұлы, сұхбатыңызға рахмет! Елімізге деген махаббат пен патриоттықтың белгісі байқалатын жаңа туындылар жасау жолында ешқашан талмаңыз!

Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Салт-дәстүрден сыбаға

ҚОЛҒА СУ ҚҰЮ ДӘСТҮРІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛҒАН?

Қазақ халқында үйге қонақ келгенде жас баланың қолына құман беріп, мойнына сүлгі асып, ас ішердің алдында қонақтардың қолына су құйғызатын дәстүр бар. Расы керек, су құюдан бәріміз қашатынбыз. Бірі самауырға су толтырып, бірі ошаққа отын тасыған бола қалады. Ағаларымыз: «Адамның кішісі болғанша, иттің күшігі бол» деген бар, қолға су құй!» – деп жүгіртіп жібереді. Үлкенді тыңдау керек. Бір қолға құман, бір қолға шылап-шып, мойынға сүлгі асып, қолға су құясың. Оның да өзіндік тәртібі бар.

Әкеміз анадай жерде: «Су етектен, бата төрден» деген, «оң жақтан бастап құй», «бір қолыңмен шүмегің ұстап тұр», «сарылдатпа, үзіп-үзіп үш рет құй», «төртіншісін қонақ сұраса ғана құй», – деп бақылап тұратын. Суды не үшін үзіп құятынын да есейе келе білдік. Әдетте, қайтқан кісінің денесін жуындырып, мейрам суын құйған кезде ғана ожаудағы су таусылғанша үзбей құяды екен.

Су құйып тұрып: «Қолың неге далада жуа салмайды? Адамды әурелемей өздері-ақ жуып кірсе болады ғой», – деп кір судан жиіркеніп, іштей жақтырмай тұрасың. Сол кезде қариялар «Молда бол!», «Үлкен жігіт бол!», «Көп жаса!», «Қатарыңның алды бол!» деп алғыс айтып, батасын беріп жатады. Егер сол уақытта осының бәрі жазылған кітап болғанда, бұл дәстүрге басқаша қарар ма едім. Қолға су құюға таласа-тармаса асығар ма едік, кім білсін?!

Аңыз бойынша бұл дәстүр Сүлеймен пайғамбардан қалған деседі. Дәуіт пайғамбар отыз ұлынан айрылған соң қайғыдан қан жұтады. Ұлық Алла оны жұбату үшін оған тағы бір ұл сыйлайды. Дәуіт ұлды болардың қарсаңында Жеб-ірейіл періште уахи әкеледі.

– Әй, Дәуіт! Ұлық Алла саған бір ұл нәсіп етеді. Бірақ шарты сол: ол баланың қызығын тоғыз жыл ғана көресің. Осыған ризасың ба? – дейді. Дәуіт іштей қынжылса да: «Жаппар иемнің әміріне не қылса да, ризамын», – деп келіседі. Көп ұзамай Дәуіт ұлды болып, есімін Сүлеймен қояды.

Дәуіт патша болғандықтан, оның сарайына күн сайын жүздеген адам қонаққа келеді екен. Сол кезде жеті жасар Сүлейменді бір қолына құман, бір қолына сүлгі ұстатып, сарайдың алдында қызметке қояды. Бала күні бойы кірген-шыққан қонақтардың қолына су құйып, алғысын алады. Оның адал қызметіне риза болған қонақтар «Ғұмыр жасың ұзақ болсын!», «Құдайдың сүйікті құлы бол!», «Басыңнан бақ, астыңнан тақ кетпесін!», «Әділ патша бол!», «Екі дүниенің сырын біл!», «Дұшпаныңа қатал, досыңа адал



бол!», «Ғалым бол!» деп тоқсан тоғыз түрлі тілек айтып, бата береді екен. Арада он бес жыл өтеді. Сүлейменнің бұғанасы бекіп, қабырғасы қатайып, ойы да, бойы да өсіп, азамат болып ер жетеді.

Бір күні Дәуіт Ұлық Аллаға:

– Уа, Алла, маған ұлыңның қызығын тоғыз жыл ғана көресің деп едің. Бұл не хикмет? – деп сұрайды. Ұлық Алла:

– Рас айтасың. Сүлейменнің пешенесіне тоғыз жылдық ғұмыр жаздым. Бірақ зерек ұлың қонаққа қызмет етуден шаршамады. Ақсақалдардың батасын алуға құмар болды. Күн сайын адамдар оған менің 99 есімімді айтып, шын жүректен алғыс жаудырып, батасын береді. Көптің алғысымен оның ғұмыр жасы ұзарды. Менің бір есімім – Халық. Халықтың тілегін қабыл етпеу ұлықтығыма сын болар. Бүгіннен бастап Сүлейменге 99 түрлі мұғжиза берем. Жердегі бүкіл тау-тас, аң-құс, он сегіз мың ғаламға патша қыламын, – деді. Содан бастап Сүлейменге дарымаған керемет қалмапты деседі.

Осыған орай «Сүлеймен де су құйған», «Су иесі Сүлеймен» деген сөздер ел арасына таралыпты. Қазір де кей өңірлерде қазақ халқы үйге қонақ келгенде жас баласының қолына құман мен сүлгі беріп: «Үлкен кісілердің батасын ал», – деп су құйғызды. «Батаменен ел көгерер, жанбырменен жер көгерер» деген тәмсіл сөз осыдан қалған екен.

Бақытжан АББАЗҰЛЫ

Біле жүріңіз

АСТАРЫ ТЕРЕҢ ТЕҢЕУЛЕР

Осы біз кейде кейбір сөздерді мәніне үңілмей айта береміз екенбіз. Мысалы, «саусақтары сүйріктей екен» дегенді естігенде, көбіміз жай ғана «жіңішке, әдемі» деп түсінеміз. Бірақ осы сүйрік дегеннің не екенін білесіздер ме? Шын мәнінде, бұл – өзен жағасында өсетін қамыстың ең алғашқы, аппақ, жұп-жұмсақ жас өскіні. Қазақ соның түзулігі мен нәзіктігін көріп, сұлулықты соған теңеген. Қандай дәл табылған теңеу, иә? Осы сияқты біз байқамайтын тағы бірнеше сөз бар.

МАҚПАЛ. Біз «мақпал дауыс» немесе «мақпал тұн» дейміз. Неге? Өйткені, мақпал – өте жұмсақ, қымбат маға. Құлаққа жағымды естілетін дыбысты немесе тып-тыныш жайлы кешті соған теңеп жіберген.

МӨЛДІР. Бұл тек суға қатысты емес. Біреуді «көңілі мөлдір» деуіміз оның жан дүниесінің тазалығын, еш арамдығы жоқ екенін білдіреді. Жанның тазалығын бұдан артық қалай айтуға болады?

ШАЙЖҮЙРІК. Осы бала шайжүйрік екен десе, ол шай ішкенді жақсы көреді деген сөз емес. Бұл жердегі «шай» өткір, шапшаң деген мағына. Яғни, бәрін тез қағып алатын зерек адам.

КҮЛІМКӨЗ. Бұл жай ғана күлімсіреп тұру емес, қарағанда көзінен жылу төгіліп тұратын, жаны жайсаң адамның сипаты.

ЖӘУДІР. «Көзі жәудіреп» дейміз. Жәудір таңертең шөп басында тұратын мөп-мөлдір шық. Сұлулық көзін сол таза шыққа теңеу қандай керемет еді...

СҰҢҒАҚ. «Сұңғак бойлы» десек, бойы ұзын адамды айтамыз. Бұл биік талдың, сымбатты ағаштың сипатынан алынған. Бойы тұзу, сымбатты адамды осылай атаған екен.

ҚОҢЫР. Қазақ үшін ең жылы сөз. «Қоңыр тіршілік», «қоңыр дауыс». Бұл – қарапайымдылықтың, жайлылықтың және тыныштықтың белгісі.

СҮМБІЛ. Көбіне «сүмбіл шаш» деп жатамыз. Бұл тек ұзын шаш емес екен. Мысалы, мен сүмбіл(е) дегенді тек аспандағы жұлдыз деп ойлап жүрсем, ол әдемі гүлдің де аты екен. Сүмбіл (гиацинт) өте хош иісті, жібектей жұмсақ, төгіліп тұратын гүл көрінеді. Қазақ арудың қою, жылтыр әрі майысып тұрған шашын осы гүлге теңеген. Сонымен қатар, сүмбіл (е) – аспандағы ең жарық жұлдыздың бірі. Сүмбіле туса, су суиды, күз келеді. Демек, бұл сөздің астарында әрі сұлулық, әрі табиғаттың заңдылығы жатыр.

ҚҰЙМАҚҰЛАҚ. «Осы бала құймақұлақ екен» дейміз. Бұл – бір естігенін ұмытпайтын, зердесіне құйып алатын зерек адам. Құйма қалыпқа құйылған металл сияқты берік дүние. Яғни, естіген білімі құлағынан кіріп, жүрегінде қалып қойды деген сөз.

МҰЗБАЛАҚ. Көбіне жас та болса, талайды көрген, қайсар жігіттерді айтады. Негізі бұл – құсбегілік термині. Мұзбалақ деп таудың қиясында, қақаған аязда шыныққан, балағына мұз қатып жүрсе де қайтпайтын, әбден ысылған қыран бүркітті атайды. Сондықтан адамды «мұзбалақ» деу оның қиындыққа мойымайтын тектілігі мен өр мінезін білдіреді.

СЫРТТАН. Адамды мақтағанда «сырттан екен» деп жатады. Бұл сөзді мен сырттай мықты көрінетін адам екен деп жүрмін. «Сырттан» қасқырға жалғыз шабатын, тіпті көкжалдың өзін ықтыратын өте текті, батыл төбеттің аты екен. Ол ешқашан босқа үрмейді, бірақ іске келгенде алдына жан салмайды. Нағыз ер мінезді, істің адамын осылай мақтаған.

КӘРСЕНДІ. Бұл сөзді сирек естиміз, бірақ мағынасы өте биік. «Кәрсенді мүсін» десе, ол ірі, еңселі, келіскен дене бітімін айтады. Кәрсен – үлкен, бағалы ағаш табақ. Тұлғалы адамдарды осылай қадірлі дүниеге теңеп, құрметтеген.

ҚАЗЫҚТАЙ. Біреуге қазықтай екен десек, бұл оның бойының түзулігі мен мінезінің беріктігін білдіреді. Қазық жерге нық қағылатын, мықты дүние. Қазақ жігіттерінің бойшандығы мен сөзіне беріктігін осылай бір ауыз сөзбен мақтап қойған.

КІРПІГІНЕ ҚЫРАУ ҚОНБАҒАН. Бұл теңеуді естісеңіз, ол адамның өмірінде ешқандай қиындық көрмегенін, ерке болып өскенін білдіреді. Қырау – нәзік дүние, ол сәл жылудан еріп кетеді. Адамның тағдырын осындай нәзік теңеумен сипаттау қандай керемет.

Шыны керек, бұл сөздерді бұрыннан естіп жүрміз ғой, бірақ мағынасына терең үңіле бермейміз. Осындай біз біле бермейтін қызықтар көп екен. Осындай сөздердің төркінін біліп алсаң, тіліміздің қаншалықты бай екеніне тағы бір көзің жетеді екен. Әдемі немесе күшті деп құрғақ айтқаннан көрі, осындай теңеулерді қосып сөйлеген әлдеқайда қызық. Тіліміздің байлығы мен тазалығы сарқылмасын. Бәріміз бірге білмегенімізді толықтырып жүрейік. Сіздер тағы қандай осындай мағыналы сөздерді білесіздер?

Гүлжанар НЕСІПБЕКҚЫЗЫ

ҚҰСТҰМСЫҚ ЖҮЗІКТІҢ ДЕ ӨЗ ҚҰПИЯСЫ БАР

Қазақ халқының дәстүрлі зергерлік өнері – ұлттың рухани болмысы мен дүниетанымын айқындайтын мәдени мұра. Әшекей бұйымдар қазақ қоғамында тек сәндік қызмет атқармай, әлеуметтік мәртебені, жас ерекшелігін, тіпті адамның өмірлік кезеңдерін білдірген. Сол асыл қазыналардың бірі – құстұмсық жүзік.

астарында «құс секілді өз ұясын табуға ұшсын» деген тілек жатыр. Сонымен қатар, жүзік қыздың тұрмыс құрмағанын білдіретін ишара қызметін де атқарған. Осылайша зергерлік бұйым қоғамдағы қарым-қатынасты реттеудің мәдени тетігіне айналған.



шағын бұйымға терең мағына мен көркемдік үйлесім дарытқан.

Қазақ қоғамында қыз баланың жүріс-тұрысына, ибалығына ерекше назар аударылған. Жүзік иесіне жауапкершілік жүктеп, нәзіктік пен ұқыптылыққа үндеген. Сонымен бірге ол ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, отбасылық сабақтастықтың белгісіне айналған.

Бүгінде ұлттық зергерлік бұйымдарға халықаралық қызығушылық артып келеді. UNESCO аясындағы материалдық емес, мәдени мұраны қорғау бастамалары дәстүрлі өнерге жаһандық назарды күшейтті. Әлемдік сән индустриясында этностильдің кең таралуы, соның ішінде Dior мен Gucci сияқты брендтердің ұлттық мотивтерді қолдануы да этникалық әшекейлерге сұранысты арттырды. Бұл үрдіс Қазақстан колонерінің, соның ішінде құстұмсық жүзіктің мәдени бренд ретінде танылуына мүмкіндік береді.

Құстұмсық жүзік – қазақ халқының еркін рухын, терең философиялық танымын және нәзік эстетикасын бейнелейтін құнды мұра. Ол – дәстүр мен заманауилықты жалғаған алтын көпір, ұлттық болмыстың айшықты көрінісі.

Тансұлу ЕГЕНБЕРДИЕВА, Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының әдіскері

Құстұмсық жүзік атауын оның пішінінен алады: жүзіктің үстіңгі бөлігі құстың тұмсығына ұқсатып, сүйір әрі нәзік етіп жасалады. Бұл кездейсоқ форма емес. Қазақ дүниетанымында құс – еркіндіктің, биіктіктің, тазалық пен үміттің нышаны. Көшпелі өмір салтында аспанмен астасқан құс бейнесі рухани асқақтықты, алға ұмтылысты білдірген. Сондықтан құстұмсық жүзік – тек әсемдік бұйымы емес, жарқын болашаққа сенім мен ізгі тілектің белгісі.

Бұл жүзік көбіне күмістен соғылып, бойжеткен қыздарға арналған. Ол қыздың нәзіктігін, пәктігін, еркіндігін мензеген. Кей өңірлерде ұзатылалар алдында қызға құстұмсық жүзік тағу дәстүрі болған. Мұның

Архивті ақтарғанда

ЖЕЛТОҚСАН РУХЫ

және бір ғұмыр



1986 жылғы Желтоқсан – қазақ жастарының азаттыққа ұмтылған өр рухының символына айналған тарихи кезең. Биыл сол бір ызғарлы күндерге 40 жыл толады. Уақыт өткен сайын Желтоқсан оқиғасының мәні тереңдеп, оның қаһармандарының ерлігі ел жадында жаңғыра түсуде. Солардың бірі – желтоқсаншы жерлесіміз Сәбит Исабеков. Биыл ол 60 жасқа толып, тағдырлы кезеңнің тірі куәгері ретінде елмен бірге маңызды белесті қарсы алуда. Оның өмір жолы тұтас бір дәуірдің айнасы іспетті.

Желтоқсаншы Исабеков Сәбит Қалдықөзұлы 1966 жылы 7 сәуірде Алғабас ауданындағы Шаян елді мекенінде дүниеге келген. 1983 жылы Мұхтар Әуезов атындағы білім ордасын ойдағыдай бітіреді. Білім қабырғасында жүргенде-ақ ол жұмысқа белсене қатысып көзге көп түскен.

40 қаулысы негізіндегі қылмыстық іс тоқтатылып, Қазақ КСР-і Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 1988 жылғы 15 шілдедегі ұйғарымы бойынша, Сот Төралқасының 1988 жылғы 19 тамыздағы Исабеков Сәбит Қалдықөзұлына қатысты қаулысының күші жойылсын, іс оның әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылсын деген қаулысы шығады.

Сәбит Исабеков осы аралықта Шаян елді мекеніндегі Алғабас аудандық кинотеатрында суретші, содан кейін Алматы қаласында «Желтоқсан қоғамдық қозғалысы» бірлестік ұйымында меншіктен тыс мүше болып тіркеліп, Мұхтар Шахановтың қасында ыстық-суыққа тоңып бірге жүреді.

1991 жылы Эльмира Рыспаевамен шаңырақ көтерген. Сол жылы аудандық өндірістік жол бөлімінде жұмысшы болып қызмет атқарған. 1992 жылы Алматы қаласында «Қамқоршы» мекемесінде экспедитор болып жұмыс істеген. Бұрынғы темір тордың арғы жағында өкпеден алған зардабына орай Шымкент қаласына 1995 жылы келіп, емделеді. Ауруханадан шыққан соң 1996 жылы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университетіне «Маркетолог және коммерция» мамандығы бойынша оқуға түскен. Оқуын бітіргеннен кейін, облыстық салық департаментіне маман ретінде қызметке қабылданды. 2006 жылы «Исабек-СК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін ашып басқарады. 2007 жылы «Оңтүстік Қазақстан бір жолғы талон беру орталығына» бақылаушы қызметіне жұмысқа орналасады. Жұмыс барысында іскерлігімен ерекшеленіп, аталған орталықтың Шардара қаласындағы филиалының директоры болады. Ал 2009 жылы «Оңтүстік Қазақстан бір жолғы талон беру орталығының» бас маманы болып тағайындалады.

Сәбит Исабеков ерен еңбегі ескеріліп, Алғыс хаттар, төсбелгілермен наградталған.

2016 жылы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл», «Qymet-AB» қоғамдық бірлестігінің мерекелік медалімен, «Желтоқсанның 30 жылдығы» естелік медалімен марапатталған. Сәбит Исабеков – Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы.

Желтоқсаншының 60 жылдық мерейтойы мен Желтоқсан оқиғасының 40 жылдығы – тек даталар тоғысы емес, өткенге тағзым мен болашаққа бағдар. Осындай тұлғалардың ерлігі мен қайсарлығы ұлт рухын асқақтатып, тәуелсіздіктің қадірін терең сезінуге жетелейді.

Х. САПАШЕВА,
Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінің архивісі



Үлкен өмірге қадам басқаннан кейін сол мектепте физика пәні кабинетінің лаборанты болып жұмыс істеген. 1984 жылы Сәбит Исабековті әскери комиссариат радио-телеграфист мамандығы бойынша оқуға жібереді. Бұл мамандықты үш ай ішінде меңгерді. Жасы 18-ге толғанда әскери борышын өтеуге барады. Әскерге Батыс Украинаға барып, Ивано-Франковск қаласына түскен Сәбит истребительді ұшақтардың ұшып-қонуын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету батальонында қызмет етеді. Әскерден оралғаннан кейін 1986 жылы мамыр айының аяғында Алматы қаласына келіп, «Алма-Ата жилстрой» СМУ-30 құрылыс-монтаж трестінің бетоншысы болып жұмыс істейді. Ол үлкен жауапкершілікпен жұмысқа кірісіп, комсомол ұйымының хатшысы болған. Сол кезеңде жүрген жылы орталық алаңға жастардың жиналғанын, барлығының Москва қаласы тарапынан Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысының ауыстырылғанына наразылық білдіріп жатқанын естиді.

Оқушы кезінен Кеңес Одағының күйтырқы саясатын байқап, оған іштей қарсы болған Сәбит орталық алаңнан бірақ шығады. Ол жерде келіспеушілік тарапынан билікпен кездесуге және келіссөз жүргізуге жасақталған комиссия құрамына енеді. Сөйтіп, алаңдағы мінбер маңында сол кездегі ықпалды адамдармен кездесіп, күштік құрылымды қайтаруға, қазақ қыздарына қол жұмсмауға, халықтың өтінішіне құлақ асуға шақырып өз талаптарын қояды. Сәбит Исабековты «жарайды» деген уәжбен шығарып салғандар оны наразылар ортасына барған кезде, артық жағынан белгісіз құралмен ұрып құлатады. Оның соңы желтоқсаншының ішкі істер бөлімінен бірақ шығуына алып барады. Ол жерде Қайрат Рысқұлбековты тергеген тергеушінің қолына түсіп, ақыры жағы төрт жылға сотталып кете барған.

Солақай саясаттың кесірінен аты жаман жерден 1990 жылы ақталып шығады. Кейіннен Алматы облыстық сотының 1987 жылғы 17 ақпандағы үкімімен № 5-

ҚҰҚЫҚТАНУ – БОЛАШАҚҚА СЕНІМДІ ТАҢДАУ



Қазіргі заман қоғамы таңқаларлық жылдамдықпен өзгеріп, адам өмірінің әр саласы жаңа технологиялармен, жаңа талаптармен және жаңа кәсіби стандарттармен толығып келеді. Мұндай уақытта құқық саласының маңызы бұрынғыдан да жоғары деңгейге көтеріліп отыр. Қазақстанда құқықтық мемлекет құру жолындағы реформалар, адам құқықтарын қорғауды жетілдіру, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және әділ сот жүйесін нығайту процестері білікті заңгер мамандарына деген сұранысты арттыра түсуде. Осындай жағдайда құқық саласындағы сапалы білімге, заманауи оқу бағдарламасына, тәжірибеге бағытталған кәсіби дайындыққа ие болу – табысты мансаптың басты кепілі.

Университеттің «Құқықтану» білім беру бағдарламасы құқық саласының барлық маңызды бағыттарын қамтиды. Білім алушылар конституциялық құқық, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, әкімшілік құқық, еңбек құқығы, халықаралық құқық, кәсіпкерлік құқық сияқты негізгі пәндер арқылы құқықтық жүйенің негіздерін терең меңгереді. Сонымен қатар, қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, цифрлық құқық, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы құқықтық реттеу, медиация, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, мемлекеттік басқарудағы құқықтық аспектілер сияқты заманауи бағыттар бойынша да білім беріледі. Бұл пәндер білім алушыға бәсекеге қабілетті, жан-жақты ойлайтын және еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие заңгер маманы ретінде қалыптасуға мүмкіндік береді.

Құқықтану білім беру бағдарламасының тағы бір маңызды артықшылығы – оқытушы-профессор құрамының кәсібилігі. Университетте құқық саласының тәжірибелі мамандары, ғылым докторлары мен кандидаттары, сот және құқық қорғау қызметінде

ұзақ жылдар еңбек еткен практик заңгерлер дәріс береді. Олар өз тәжірибесімен бөлісіп, білім алушыны тек оқытып қана қоймай, болашақ мансап жолын дұрыс жоспарлауға бағыт береді. Оқытушылардың кәсіби біліктілігі білім алушыға күрделі құқықтық мәселелерді түсінуді жеңілдетеді және білім алуды қызықты әрі нәтижелі етеді.

Қазіргі таңда заңгерге қойылатын талаптар айтарлықтай өзгерген. Бүгінгі заңгер тек заңды біліп қана қоймай, ең аз дегенде бірнеше қосымша дағдыны меңгеруі қажет: аналитикалық ойлау, ақпаратты өңдеу, құқықтық технологияларды қолдану, цифрлық жүйелермен жұмыс істеу, халықаралық құқықтық нормаларды білу.

БВ04203 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша білім алу – тұрақты мансаптық өсімге жол ашатын сенімді таңдау. Қазақстанда заңгер мамандарына талап өте жоғары. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметте, сот жүйесінде, прокуратурада, адвокатурада, жеке компанияларда, халықаралық ұйымдарда кәсіби заңгерлерге үлкен сұраныс бар. Университет түлектері еңбек нарығында жоғары бағаланады, себебі олар теория мен практиканы қатар меңгерген, құқықтық талдау жүргізуге қабілетті, жауапкершілігі жоғары маман ретінде танылады.

Университет қабырғасында білім алған білім алушы тек мамандық иесі болып қана қоймай, сонымен бірге жауапты азамат, қоғам алдындағы міндетін сезінетін тұлға ретінде қалыптасады. Бүгінгі таңда сапалы білім – табысты болашақтың негізі, ал құқықтану саласындағы білім – қоғамның тұрақтылығы мен әділеттілігінің кепілі. Сондықтан болашаққа сенімді қадам жасағысы келетін жас түлек үшін бұл мамандық – жарқын мүмкіндік пен нақты перспектива.

Орталық Азия Инновациялық университеті «Құқық» кафедрасы

БАҚ ӨСІРГЕННІҢ БАҒЫ ЖАНАДЫ

Адам мен табиғат әрқашан да егіз. Табиғат – бүкіл тіршілік атауының алтын бесігі, қайнар көзі. Ата-бабамыз «Жер – қазына, су – алтын, мал – байлық», «Бақ өсіргеннің бағы жанады», «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын» деп бекер айтпаған. Адам қоршаған ортасына мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, жанашырлықпен қарағанда ғана табиғат үйлесімділігі сақталады.

Орман тоғайларымыз – ел байлығы. Осы табиғатымызға әр беріп тұрған орманды алқаптың жойылып кетпеуін қадағалау әрбір азаматтың парызы деп ойлаймын. Атқаратын негізгі міндетімізге байланысты біздер азаматтармен күн сайын дерлік тығыз қарым-қатынас жасап, оларды осындай оңтайлы сәттерде табиғат жанашыры болуға шақырып, үгіт-насихат жұмыстарын үзбей жүргізіп отырамыз. Әрине, бұл ісіміз өз нәтижесін беріп те келеді. Сырдария өзенін бойлап орналасқан тоғайымыз – жанға жайлы саябақ, қыста аң-құстар мен малдарға пана, ауыл-аймақ тұрғындарына отын. Сол отындар сиремесін десек, оны бей-берекет кеспеу қажет және де орман алқаптарындағы жабайы аң-құстардың

өсіп-өніп, сақталуына ықпал жасап, оларға ерекше күтім жасауымыз керек.

Сонымен қатар, заңсыз аң шаруашылығымен күрес, яғни сұғанақтыққа қарсы тиімді жұмыстар ұйымдастыру орман шаруашылығында қызмет ететін қызметкерлердің басты міндеті болып табылады. Әрине, мұндай биік әрі жауапты талап деңгейінен көріну үшін орман шаруашылығы саласының қызметкерлері алдағы уақытта да аянбай күш сала бермек.

Маден Ербол Нұрболтаұлы,
«Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи парк» КММ-нің Орман және өсімдіктер дүниесін қорғау мен өсімін молайту бөлімінің орман молайту инженері

23 сәуір – кітапханашылар күні

**КІТАПХАНАШЫ БОЛЫП
ЗЕЙНЕТКЕ КЕТУ ҰЯТ ЕМЕС**

Бір күні маған бір бизнес-леди: «Кітапханашының минимумы да, максимумы да жоқ. Кітапханашы болып жұмысқа қабылданып, кітапханашы болып зейнетке кетесің», – деді. Дәл осы сөз сырттай қарағанда жай пікір сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ сол сөз әлі күнге дейін менің ойымда жүр. Сол әйелдің әлеуметтік желілердегі статусын, посттарын көрсем құлағыма даусы, түрі 3Д болып келеді. Себебі, бұл тек мамандық туралы сөз емес еді. Бұл арманның шекарасы туралы сөз еді.

Мен – кітапханашымын. Бірақ мен үшін кітапхана жай ғана жұмыс орны емес. Бұл – ұлттың жады сақталатын мекен. Бұл – өткен мен болашақты жалғайтын алтын көпір. Бұл – рух оянтатын, сана жаңғыратын кеңістік. Кеше ғана әлеуметтік желіден жоғары лауазымда отырған бір апайдың күнделігін көріп, шын көңіліммен тамсандым. Қызықтым. Оның еңбек жолына, биік мәртебесіне, ел алдындағы беделіне сүйсіндім. Сол сәтте өз-өзіме бір ғана сұрақ қойдым: «Неге маған да сол кісідей болмасқа?».

Арман айту оңай. Бірақ мен арманды жай қиял деп қабылдамаймын. Мен ойдың құдіретіне сенмін. Адамның санасында ой бекерден бекер келмейді. Егер жүректен қабылдасаң, ол ой ертең сөзге айналады. Ал сөз әрекетке жетелейді. Қызығы сол, кеше ғана біреудің жетістігіне, біреудің сыйлығына қызығып қарасам, бүгін дәл сондай қуаныш менің де өміріме келді. Бұл кездейсоқтық па? Жоқ. Бұл – ниет пен сенімнің күші.

Мен кітапханашы болып қана қалғым келмейді. Мен тарихтың «кітапхана» деген тармағынан ойып тұрып орын алғым келеді. Өйткені кітапхана тек кітап беріп, кітап қабыл-



дайтын орын емес, бұл – идея туатын орта. Кітапхана – ұлттың рухани иммунитеті. Ғазиза Құдайбергекқызы сияқты, Бейсенқұл Нарымбетова сияқты тұлғалар мен үшін жай ғана басшылар емес. Олар – еңбектің, табандылықтың, рухани көшбасшылықтың үлгісі. Олар кітапхана саласының биікке көтерілуі мүмкін екенін дәлелдеген жандар. Неге кітапханашы кітап жазбасқа? Неге кітапханашы жана жобалар ойлап таппасқа? Неге кітапханашы ұлттық деңгейде идея ұсынбасқа? Неге кітапханашы Президенттің қолынан марапат алмасқа? Кітапханашының шегі жоқ. Шек адамның өз санасында ғана. Кітап сөрелерінің арасында жүріп-ақ ұлттың болашағына әсер етуге болады. Бір іс-шара арқылы жүздеген баланың көзін жандыруға болады. Бір жақсы ұсы-

ныспен тұтас жүйеге өзгеріс әкелуге болады. Мен сенемін: ой – энергия, сөз – бағыт, сенім – қозғалыс. Егер ойың таза болса, ниетің айқын болса, еңбегің адал болса нәтиже кешікпейді. Мүмкін, біреу үшін кітапханашы соңғы аялдама шығар. Ал мен үшін бұл – бастау.

Менің арманым үлкен. Бірақ арманымнан қорықпаймын. Өйткені мен өз кәсібімді қадырлеймін. Мен кітапхананы сүйемін. Мен ұлттың рухани кеңістігіне үлес қосқым келеді. Кітапханашы болып кіріп, кітапханашы болып зейнетке кету ұят емес. Ұят – өз мүмкіндігінді пайдаланбай кету. Ал мен пайдаланамын. Өйткені мен жай кітапханашы емеспін. Мен – миссиясы бар кітапханашымын.

Дана КАДИРОВА,
Қазығұрт аудандық орталық кітапханасы

**ӨЛЕКСЕ ҚОРЕКТІ ҚҰСТАР –
ТАБИҒАТ САНИТАРЛАРЫ**

Табиғатта әрбір тіршілік иесінің өз орны мен маңызы бар. Соның ішінде өлексемен қоректенетін құстар ерекше рөл атқарады. Бұл құстарды «табиғат санитарлары» деп атауы бекер емес.



Өлексемен қоректі құстарға ақбас құмай, құмай, тазқара, жұртшы және сақалтай сияқты түрлер жатады. Олар өлі жануарларды жеп, табиғатты түрлі жұқпалы аурулардың таралуының алдын алады. Егер мұндай құстар болмаса, далада өлекселер жиналып, қоршаған орта ластанып, аса қауіпті инфекциялық аурулар тарап кетуі ақиқат.

Бұл құстардың ерекшелігі – олардың көру қабілеті өте қырағы және асқорыту жүйесі мықты келеді. Олар шіріген етті, тұтас ірі сүйектерді еш зиянсыз қорыта алады. Осы арқылы табиғаттағы зиянды бактериялардың таралуына жол бермейді.

Қазіргі таңда өлексемен қоректенетін құстардың саны азайып бара жатыр. Бұған себеп – адам-

ның тікелей және жанама табиғатқа әсері. Құстардың таралуына, ұялауына және тіршілік ортасына қиянат жасау кеңінен тараған үдеріс. Сондықтан оларды қорғау – маңызды міндеттердің бірі.

Өлексемен қоректенетін құстар – табиғат тазалығының кепілі. Оларды қорғау арқылы адамзат қоршаған ортаға жасап жатқан қиянатының алдын алуын, табиғи тепе-теңдікті сақтауын, жануарлар, оның ішіндегі құстардың түрлік құрамын тұрақтандыруын қамтиды.

А.РУЗАЕВ,
«Сырдария-Түркістан МӨТП» КММ-нің Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің орнитолог маманы

Айтары бар ақпарат

**ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК
НАГРАДА БЕКІТІЛДІ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылғы 30 наурызда "Қожа Ахмет Ясауи" ордені туралы" жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Zakon.kz. "Мемлекеттік награда – "Қожа Ахмет Ясауи" ордені тағайындалсын", – делінген құжатта. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне "Қожа Ахмет Ясауи" орденінің эскизін әзірлеу тапсырылды. Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Түркістан облысына жұмыс сапары аясында Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев "Қожа Ахмет Ясауи" атты жаңа орден тағайындауды ұсынған болатын. Бұл бастама ұлы ойшылдың мұрасын зерттеуге және насихаттауға үлес қосқан азаматтардың ерекше еңбегін атап өтуге, сондай-ақ өңір мен елдің мәдени-рухани құндылықтарын нығайтуға бағытталған.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қазанқап ақын көшесі, №24 ғимаратта орналасқа., М. Горький атындағы №12 жалпы орта мектебі КММ үшін "ҚОК" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар **24.04.2026 ж.** бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты «М. Горький атындағы №12 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мекенжайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қазанқап ақын көшесі, №24 ғимарат., тел.: 8775 707 7877.

Жобалаушы: "НЭК" ЖК, мекен-жайы: Шымкент қаласы, М. Пошанов көшесі, 32/28 үй, e-mail: ecoscience@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық органы дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для КГУ «Средняя общеобразовательная школа №12 имени М. Горького», расположенного по адресу: г. Шымкент, Енбекшинский район, улица Казанкап ақын, здание №24, проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС».

Проектная документация доступна на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с **24.04.2026 г.** в течение 5-ти рабочих дней, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик: Коммунальное государственное учреждение "Общеобразовательная средняя школа №12 имени М.Горького" управления образования города Шымкент, адрес г. г. Шымкент, Енбекшинский район, улица Казанкап ақын, здание №24., тел.: 8775 707 7877.

Разработчик: ИП "НЭК", адрес: г. Шымкент, ул. Переулук М. Пошанов д. 32/28, e-mail: ecoscience@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тәуке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, №37 ғимаратта орналасқан, Шымкент қаласы білім басқармасының Х.Досмұхамедов атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі үшін "ҚОК" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар **24.04.2026 ж.** бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: Шымкент қаласының білім басқармасының "Х.Досмұхамедов атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мекенжайы: Шымкент қаласы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, 37., тел.: 8 747 113 04 90.

Жобалаушы: "НЭК" ЖК, мекен-жайы: Шымкент қаласы, М. Пошанов көшесі, 32/28 үй, e-mail: ecoscience@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық органы дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для КГУ «Средняя общеобразовательная школа №4 имени Х.Досмұхамедова» управления образования города Шымкент, расположенное по адресу: г. Шымкент, ул. Ш. Калдаякова, здание №37, проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС».


Проектная документация доступна на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с **24.04.2026 г.** в течение 5-ти рабочих дней, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик: КГУ "Общеобразовательная средняя школа №4 имени Х.Досмұхамедова" управления образования города Шымкент, адрес г. г. Шымкент, Шәмші Қалдаяқов №37., тел.: 8 747 113 04 90.

Разработчик: ИП "НЭК", адрес: г. Шымкент, ул. Переулук М. Пошанов д. 32/28, e-mail: ecoscience@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тәуке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенқұл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ
Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА
Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылардың есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады
Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй
Таралымы 3100 дана. Тапсырыс